

## **2022 жылы «KazakhExport» ЭСК» АҚ өткізген сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторингтің нәтижелері**

### **I. Кіріспе бөлім**

1. **Қызметі бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг жүргізілген квазимемлекеттік сектор субъектісінің атауы:** «KazakhExport» ЭСК» АҚ (бұдан әрі – Қоғам, компания).

2. **Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторингті** Комплаенс қызметінің басшысы Қабсаматов Қуаныш Ақайұлы жүргізді.

Жұмыс телефоны 8 (7172) 95-56-56, ішкі нөмір 183.

3. **Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг жүргізу кезеңі:** 2022 жылғы 23 желтоқсаннан 30 желтоқсанға дейін.

4. **Бақыланатын кезең:** 2022 жылғы 01 қаңтардан 2022 жылғы 30 желтоқсанға дейін.

### **II. Ақпараттық-аналитикалық бөлім**

Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту жөніндегі агенттігі, сондай-ақ құқық қорғау органдары, Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы, сақтандыру қызметі туралы, Қоғам қызметінің негізгі бағыттары бойынша заңнаманың талаптарын сақтау мәселелері бойынша бақылау-қадағалау функциялары берілген уәкілетті мемлекеттік органдар атынан қаржы реттеушісі тарапынан бақыланатын кезеңде тексеру жүргізілген жоқ.

Қоғамға мемлекеттік функциялар берілмеген, соның салдарынан мемлекеттік қызметтер көрсетілмейді.

Бақыланатын кезеңде жеке және заңды тұлғалардан Қоғамның лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерінің іс-әрекеттеріндегі теріс пайдалану немесе сыбайлас жемқорлық көріністері туралы, сондай-ақ олардың тарапынан алаяқтық әрекеттер жағдайлары туралы хабарламалар не шағымдар түскен жоқ.

Мерзімді баспа, телевизиялық және электрондық бұқаралық ақпарат құралдарында, сондай-ақ әлеуметтік желілерде Қоғамдағы алаяқтық жағдайлары, оның лауазымды тұлғалары мен жұмыскерлері арасындағы сыбайлас жемқорлық көріністері мен лауазымды теріс пайдалану туралы мәліметтер көрсетілген жарияланымдар, мақалалар, посттар орналастырылмаған.

2022 жылы компанияның қызметкерлері мен лауазымды тұлғаларына сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасағаны үшін қылмыстық іс қозғау және қылмыстық жауапкершілікке тарту жағдайлары болған жоқ.

Қоғамға және оның лауазымды тұлғаларына қатысты әкімшілік сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша іс қозғау фактілері болған жоқ.

Компанияның, оның қызметкерлері мен лауазымды тұлғаларының қатысуымен қылмыстық және азаматтық істер, әкімшілік сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша сот талқылаулары болған жоқ.

Компанияны немесе оның лауазымды тұлғаларын қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға немесе терроризмді қаржыландыруға байланысты қылмыстар немесе құқық бұзушылықтар үшін қылмыстық немесе әкімшілік жауапкершілікке тарту фактілері болған жоқ.

Бақыланатын уақыт кезеңінде Дүниежүзілік Банк, Transparency International (сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес және сыбайлас жемқорлық деңгейін зерттеу жөніндегі үкіметтік емес халықаралық ұйым), FATF (халықаралық ұйым - Ақшаны жылыстатуға қарсы күрес жөніндегі шараларды әзірлеу жөніндегі топ) сияқты халықаралық және үкіметтік емес ұйымдардан компанияның қызметіндегі сыбайлас жемқорлықтың көріністері туралы немесе оны жүзеге асыру туралы немесе қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру бойынша операциялар туралы мәліметтер түскен жоқ.

Компания Дүниежүзілік Банктің (World Bank Debarred List) Интернет-ресурсында орналастырылатын іскерлік ынтымақтастық үшін жарамсыз ұйымдардың тізіміне енгізілмеген.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңның 11-бабына сәйкес бақыланатын кезеңде қаржылық бақылау шаралары сақталды: компанияның Басқарма мүшелері (компанияда басқару функцияларын орындайтын тұлғалар болып табылады) және олардың жұбайлары мемлекеттік кіріс органдарына кірістер мен мүлік туралы декларацияның электрондық форматында ұсынылды.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» заңның 12 бабына және Қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың корпоративтік саясатына сәйкес, Қоғамда басқарушылық функцияларды орындайтын тұлғалардың бұдан бұрын өздеріне қабылдаған сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер бойынша оларды қадағалауын бақылау қамтамасыз етілген.

2022 жылы компания сыбайлас жемқорлық қылмыс жасаған тұлғаларды жұмысқа орналастыруға заңнамалық тыйым салу бұзушылықтарына жол бермеді.

Компанияның Адами ресурстарды басқару департаменті бос лауазымдарға үміткерлерді іріктеу рәсімі кезінде тұрақты негізде үміткерден сыбайлас жемқорлық қылмыс жасау фактісінің жоқтығы туралы анықтама сұратады.

Бұл анықтама Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы комитетінің арнайы есепке алу және құқықтық статистика жөніндегі аумақтық органдарының дерекқорынан ұсынылады.

2022 жылы Қоғамның лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерінің ағымдағы жұмысында мүдделер қақтығысы іске асырылған жағдайда анықталған жоқ.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы оқыту жөніндегі шараларды іске асыру шеңберінде 2022 жыл ішінде Комплаенс-қызмет және Адами ресурстарды басқару департаменті компания қызметкерлерін келесі тақырыптар бойынша оқытты:

- «Компаниядағы алаяқтық схемалары және олардың алдын алу шаралары»;

- «Компанияның сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатын іске асыру».

### **III. Қорытынды бөлім**

#### **Қорытынды:**

Бақыланатын кезеңде Қоғамның қызметінде сыбайлас жемқорлық көріністерінің расталған жағдайлары және корпоративтік алаяқтық жағдайлары жоқ.

Қоғамның және оның лауазымды тұлғаларының қызметінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер, қаржылық бақылау шаралары, мүдделер қақтығысы жағдайларын іске асыруды болдырмау, сыбайлас жемқорлыққа қарсы корпоративтік мәдениетті қалыптастыру жөніндегі заңнама және корпоративтік нормативтік құжаттар талаптары сақталды.